

**Түркістан облысы білім басқармасы №1 колледж сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде
қалыптастырылған анықтама жобасын жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Созақ ауылы

11.08.2025 жыл

Өткізілген орны: №1 колледж

Жиналысқа қатысқандар №1 колледж қызметкерлері және Созақ аудандық
мәслихатының депутаты «АМАНАТ» партиясы мүшесі С.Топшақов

Жиналыс төрағасы Р.Атажиев

Хатшы Р.Дарханова

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау
нәтижелері бойынша анықтама жобасын талдау
2. Қатысушылардың ұсыныстары мен ескертулерін тыңдау
3. Қорытынды

Анықтама жобасын жария талқылауға төрағалық етуші директордың
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Атажиев Қазақстан Республикасының
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қараша
№410V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы
№12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің (Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына
сәйкес, Түркістан облысы білім басқармасына қарасты №1 колледжде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында
жұмысшы топ құрылып, ішкі талдау жұмыстары жүргізілгендігін мәлімдеді.

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер және
ұсыныстармен таныстырылды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау
өткізілетіндігі колледждің ресми парақшасына жарияланғандығы атап өтілді.
Мәжіліске қатысушы «АМАНАТ» партиясы мүшесі С.Топшақов анықтама
жобасымен танысып шығып, анықталған тәуекелдерді жою және сыбайлас
жемқорлыққа жол бермеу мақсатында ашық әрі жария жұмыс жүргізу
қажеттігін атап өтті.

Қорытынды: Талқылау нәтижесінде анықтама жобасын төмендегі ұсыныстарды ескере отырып жетілдіру туралы шешім қабылданды.

1. Анықталған тәуекелдерді нақтылау және оларды жою тетіктерін айқындау;
2. Жауапты құрылымдық бөлімшелерге нақты ұсыныстар еңгізу;
3. Құжатты қайта қарап, бекітуге ұсыну.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Р.Атажиев

Р.Дарханова